

5-6 ЖАСАР БАЛА
НЕНІ БІЛУГЕ ТИІС



Қурық, 2015

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУЫ

- Алуан түрлі күрделі сөйлемдер жасай білу, мысалға: ұсынылған сөздерден сөйлем құрастыру.
- Жаңа сөз тіркестерін құру, мысалға: фарфордан жасалған ваза – фарфор ваза.
- «Жиһаз», «музыка аспаптары», «киім» ұғымдар топтарына және т.б. топтарға жататын заттарды жалпылауыш сөзбен атау.
- Заттарды сипаттамасы бойынша табу, өз бетінше заттардың сипаттамасын жасау.
- Мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздер табу (таяз – терең).
- Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру.
- Бір суретке, сюжеттік суреттер тобына қарап, жеке тәжірибесіне сүйене отырып, жүйелі әңгімелер ойлап шығару.
- Естіген ертегісін мазмұндау.
- Әңгіменің соңын ойлап шығару.
- Түрлі интонациялармен мәнерлеп өлеңдер айту.

ҰСАҚ МОТОРИКА

- Сурет салғанда қарындашты басу күшін реттеу, бейнеленген заттың пішініне байланысты қол қозғалысының бағытын өзгерту.
- Суреттердің шеттеріне шықпай сызықпен штрихтеу. Күрделі суреттерді ұқыпты бояу.
- Тор және жолақ дәптерлерде жаза білу.
- Үлгі бойынша немесе айту бойынша торлардың шеттерін сызу (графикалық диктант).
- Әріптер мен сөздердің арасында бос жер қалдыра отырып, баспа әріптерді жазу.

ЗЕЙІН

- Басқа нәрселерге алаңдамай, 15 минуттай тапсырмалар орындау.
- Заттардың және екі суреттің арасындағы 5-6 айырмашылықты табу.
- Көру аясындағы заттардың ішінен 8-10 затты есте сақтау.
- Оюды немесе қозғалысты дәл салу.
- Зейінділікті және реакция жылдамдығын қажет ететін ойындарды оңай ойнау.

САУАТТЫЛЫҚТЫ ҮЙРЕТУ, ОҚУ

- 3-4 сөзден сөйлемдер құрау. Сөйлемнің сызбасын жасау. Сөйлемдерді сөздерге бөлу. Сөздерді буындарға бөлу.
- Дауысты және дауыссыз дыбыстарды айыра білу.
- Сөздердегі дауыссыз дыбыстарды естіп, жұмсақтығын және қаттылығын анықтау.
- Интонацияға қарап, сөйлемнің қандай (хабарлы, сұраулы, лепті) екенін екенін анықтау.
- Сөздегі бірінші және соңғы дыбысты айту.
- Әріптің дыбыстан айырмашылығын түсіну.
- Дыбыстар мен әріптерді дұрыс атау. Сөздегі буындардың санын анықтау.
- Сөздерді, сөйлемдерді және қысқа мәтіндерді оқу. Оқылғанның мағынасын түсіну.

ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

- Өзінің аты мен тегін білу. Ата-аналарының аттары мен тегін айту.
- Өзі тұратын қаланың атын білу. Елінің елордасының атын білу. Ғаламшарымыздың атын білу.

- Адамдардың негізгі мамандықтарының атауларын білу. Осы мамандықтарға тән ерекшеліктерді, олардың адамдарға қандай пайда әкелетінін түсіндіру.
- Тәулік бөліктерін, жыл мезгілдерін, апта күндерін рет-ретімен айту.
- Жаз, күз, қыс және көктем айларын айту.
- Жыртқыш жануарларды шөпқоректі жануарлардан айыру.
- Жыл құстарын қыстап қалатын құстардан айыру.
- Бақша гүлдерін дала гүлдерінен айыру.
- Ағаштарды бұталардан айыру.
- Табиғаттың барлық құбылыстарын атау.

МАТЕМАТИКА

- 1-ден 10-ға дейінгі цифрларды, +, -, =, <, > таңбаларын білу.
- Жоғарыда аталғандарды дұрыс жазу.
- Сандарды дұрыс тәртіппен қою. Жіберілген санды табу.
- Бір амалмен шешілетін қосу және шегеру тапсырмаларын құрастыру және шешу.
- Амалдардың арифметикалық таңбаларын пайдалану.
- Заттарды мөлшері (ені, ұзындығы, биіктігі, қалыңдығы) бойынша салыстыру.
- Топтағы заттардың санын теңестіру.
- Шеңберді, шаршыны екі және төрт тең бөлікке бөлу.
- Бірінші ондық сандарының құрамы.
- Сандар қатарының тура және кері тәртібі.
- Сөйлеуде реттік сан есімдерді дұрыс пайдалану.
- Кеңістіктің, қағаз парағының жақтарын дұрыс анықтау (оңға, солға, ортасында, жоғары, төмен жағында).
- Геометриялық фигураларды (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тік төрт бұрыш, ромб, трапеция және денелер

(куб, шар, цилиндр, конус, пирамида)) білу және дұрыс атау.

- Алдыңғы санға бірді қоса отырып және кейінгі саннан бірді шегере отырып, бірінші ондықтың әр санын алу.
- Жыл мезгілдерін, айларын және тәуліктердің бөліктерін атау, олардың тәртібін білу.
- Апта күндерінің атауларын және тәртібін білу.
- Сандарды ұсақ сандарға бөлу, мысалға: 5 дегеніміз – 2 мен 3, 1 мен 4, 3 пен 2, 4 пен 1.

ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІ

- 8-10 суретті есте сақтау.
- Өлеңдерді, жұмбақтарды, санамақтарды, жаңылтпаштарды есте сақтау.
- Есіне түсіріп, әңгімелерді, ертегілерді, суреттердің мазмұндарын айту.
- 4-5 сөйлемнен тұратын мәтінді дәл қайталау.
- Сөздер тобындағы артық сөзді табу, мысалы: «ұя, ін, құмырсқаның илеуі, тауық қора, аю апаны», «ер жүрек, қайсар, батыр, ашулы, батыл».

ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІ

- Суреттердегі сәйкессіздіктерді табу және атау.
- Заттар мен құбылыстардың арасындағы айырмашылықтарды табу және түсіндіру.
- Ұсынылған заттардың арасынан артығын табу, таңдауын түсіндіру.
- Конструктор ойыншығынан кез келген фигура жасау.
- Күрделі сұрақтарға жауап беру.
- Логикалық тапсырмаларды шешу.
- Басқа адамның көмегінсіз пазлдар құрастыру.



ФОНД ЕВРАЗИЯ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ